

**"Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасын бекіту туралы" Жалағаш аудандық мәслихатының 2013 жылғы 14 тамыздағы N 23-3 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2014 жылғы 23 қаңтардағы N 28-4 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 10 ақпанда N 4590 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2014 жылғы 09 сәуірдегі N 30-7 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 09.04.2014 N 30-7 шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына сәйкес Жалағаш аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасын бекіту туралы" Жалағаш аудандық мәслихатының 2013 жылғы 14 тамыздағы N 23-3 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 4510 болып тіркелген, 2013 жылғы 18 қыркүйектегі "Жалағаш жаршысы" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

шешімнің негізгі түрінің кіріспе бөлігі мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексіне, "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңына, "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңына, "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы N 504 қаулысына сәйкес Жалағаш аудандық мәслихаты **ШЕШІМ**

**Қ А Б Ы Л Д А Д Ы : ” ;**

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Жалағаш</i>	<i>аудандық</i>	<i>мәслихатының</i>
<i>XXVIII сессиясының төрағасы</i>	<i>Ә. БЕКЖАНОВ</i>	
	<i>Ж а л а ғ а ш</i>	<i>а у д а н д ы қ</i>
<i>мәслихатының хатшысы</i>	<i>К. СҮЛЕЙМЕНОВ</i>	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК